6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы; 2. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына; 3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының тұжырымдамасына; 4. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы сияқты Қазақстан Республикасы заңдарына, тұжырымдамаларына, мемлекеттік стандарттар мен жобаға сәйкес дайындалған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.

		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D02307 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы аясында орындалған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» секілді мамандандырылған ғылыми бағыттармен өзара сәйкеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Дайындалған диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын анықтау мақсаты қойылып, екі ұлтқа тән ұлттық мінез ерекшеліктерін, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерттеуге бағытталған. Нақтылап айтқанда: 1. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» тұжырымдамасын психологиялық, педагогикалық, когнитологиялық аспектілерде қарастырылып, қазақ және ағылшын халықтарына тән мінез түрлерін сипаттайтын лексика-фразеологизмдер зерттеу нысаны ретінде алынып теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. 2. Қазақ және ағылшын халықтарының мәдениетіндегі «мінез» тұжырымдамасы әлеуметтік-мәдени белгілер, ұлттық ерекшеліктер, ұлттық мінез-құлық белгілері тілдік материалдар арқылы әртүрлі тәсілдермен көрініс табады. Зерттеу жұмысында қазақ тілі ұжымдық мінез-құлыққа және ұрпақтардың моральдық кодекске негізделсе, ағылшын тілінде адамның жеке қасиеттеріне, жеке жауапкершілігі мен жеке басының құпиялылығы ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан зерделенген. 3. Жалпы тұрмыстық өмірдегі «мінез» концептісі адам тұлғасының тікелей мазмұны емес, өмірлік жағдайларға реакциясы және өзін ұстауы, қарым-қатынасы ретінде түсінудің маңызы ғылыми теориялық тұрғыдан талданып, мінездің белгілі бір топқа қатысы емес, жеке адамға тиесілі мінез-құлық белгілерінің мәні ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылған (22-27 бб.).

			4) Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалықтары ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» концептісінің психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі анықтамасын, пайда болуы мен қалыптасуы, дамуы, мінез типтері мен мінез-құлық белгілерінің сан қырлы сипаты адам тұлғасын, қоғамның мінезін зерттеуде өзге ғылым салаларымен қатынасы лексика, фразеология, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация контекстерінде қарастырылып, мәдениетаралық қатысым, дипломатия, халықаралық білім беру және бизнес саласындағы мамандар мен басқа мәдениеттердегі сұхбаттасушылардың мінез-құлқын, менталитетін және құндылық белгілерін түсінуге мүмкіндік беруге **елеулі үлес қосады.** Сонымен диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелері мен анықталған ғылыми қорытындылары «Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиясы», «Салғастырмалы лингвистика», «Мәдениетаралық риторика», «Практикалық стилистика», «Лингвомәдениеттану», «Психолингвистика» т.б. секілді тоғыспалы ғылым салаларының жекелеген мәселелерінің дамуына ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан **маңызды** жоғары деп санаймыз.
3.	Өзі жазу принципі.	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары</u>;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың жұмысты өзі жазу **деңгейі жоғары**, тақырыпты толық игерген, ғылыми стилді меңгерген, ғылыми аппараты жетілген, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан, ғылыми тілі орныққан. Докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын когнитивтік тұрғыдан талдауынан, екі тілдегі тілдік бірліктерді салыстыруларынан, ұлттық-мәдени концептілер аясын топтастыруынан, көркем мәтіндердегі мінез тұжырымдамасын салыстыра-салғастыра отырып талдаулар жасауы арқылы дәйектелген. Докторант қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын зерттеуге қажетті материалдарды ғылыми тұрғыдан сұрыптап, екі тілдегі «Мінез» концептісін тиімді әдіс-тәсілдер негізінде дұрыс талдай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі.	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **<u>негізделген</u>;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілік негіздемесі қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын жағымды/жағымсыз, зоонимдік, аксиологиялық, гендерлік, мәденикоммуникациялық контексте зерделеніп, қазақ-ағылшын тілдерінің материалдары таңдалып, оларға лингвистикалық, когнитивтік, прагматикалық, дискурстық, стилистикалық, мәдениеттанымдық аспектілер аясында зерттеулер жүргізген. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық

			сипатын ғылыми тұрғыдан көрсету барысында екі тілдегі ұлттық танымның менталитеттегі тұтас көрінісінің сыртқы формасын, мінез-құлық стереотиптерін, психологиялық бейімділікті, эмоционалды реакцияларды, сондай-ақ ұлттың мінезінің бейімділігін көрсететін категорияларды кешенді түрде қарастырылып, оларға практикалық мысалдар арқылы талдаулар жүргізеді (45-46 бб.). Сонымен қатар қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын зерттеу барысында, ұлттық мінез ерекшеліктерінің сипатын көрсететін жалпы қағидаттарды арнайы сызбамен көрсетіп, ұлттық мінезді айқындайтын ұлттық психиканы екі түрлі (негізгі психикалық үдерістер, тұлғаның психикалық қасиеттері) сипатта қарастырып, ғылыми теориялық талдаулар жүргізген (49-50 бб.). Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты жұмыстың өн бойында әр түрлі аспектілер арқылы ғылыми тұрғыдан толықтай **негізделген**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы бірін бірі **толықтай айқындайды**. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты зерттеу жұмысы үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің психологиялық, педагогикалық және дүниетанымдық мәселелері ғылыми теориялық тұрғыдан қарастырылған. Диссертацияның екінші тарауында қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісін сипаттайтын лексикалық-фразеологиялық бірліктердің жағымды/жағымсыз, зоонимдік ерекшеліктері мен концептілік болмысы, екі халықтың дүниетанымындағы ерекшелігін айқындаушы компоненттер нақты мысалдармен көрсетіліп, практикалық талдаулар арқылы айқындалған. Ал жұмыстың үшінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес түзілген. Үшінші тарауда қазақ-ағылшын тілдеріндегі көркем әдебиеттегі мінез ерекшеліктерінің суреттелуінің стилистикалық қырлары көрсетіліп, екі халық руханиятындағы құндылықтар жүйесі мен гендерлік ерекшеліктердің мінездегі көрінісі, мәдениаралық коммуникациядағы ерекшеліктері лингвистикалық талдаулар негізінде көрсетілген. Сонымен қорытындылай келгенде, диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының

		диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **<u>сәйкес келеді;</u>** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	тақырыбына толығымен **сәйкес келеді**. Атап айтқанда: диссертант қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатын көрсету барысында жағымды/жағымсыз мінезді сипаттайтын фразеологизмдерді тереңдетіп зерттеу арқылы, адамның мінезін сипаттап қана қоймай, оның эмоциясы мен ұлттық мінез-құлық белгілерімен қатар суреттеуге мүмкіндік беретін лексико-фразеологизмдер негізгі мағынаны кеңейтіп, жеке тұлғаны, ұлттың психологиясы мен мінезін, мәдениетін танытуда мол қызмет атқаратын тілдік бірліктер екендігі нақты талдаулармен (62-95 бб.) дәйектелуі диссертацияның зерттеу тақырыбымен өзара үндеседі. Зерттеу мақсатына сәйкес екі тілдегі фразеологизмдер сол халықтың тілдік ерекшелігі мен ұлттық-мәдени, дүниетанымдық көзқарастарын таныту мәнінде қызмет атқаратындығы туралы нақты тілдік материалдар негізінде ғылыми тұжырымдар жасалған (76-80 б.). Докторанттың зерттеу мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері (7 б.) жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Диссертанттың алға қойған міндеттері диссертацияда өз шешімін тапқан және мақсатына сәйкес орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан;</u>** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара **толық байланысқан**. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Докторанттың зерттеу жұмысындағы бөлімдер аралығындағы логикалық-мазмұндық байланыс сақталған, зерттеу логикалық байланысқа құрылған. Сондай-ақ жалпы жасалған теориялық тұжырымдары, тараушалар бойынша жасаған қорытындылары, әрбір практикалық талдаулары да бөлімдер мен ережелері өзара толық байланысқа құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **<u>сыни талдау бар;</u>** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне	Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан **сыни талданған**, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Автор ұсынған жаңа шешімдер: 1. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің психологиялық және педагогикалық зерттеулердегі адам мінезі типтері сараланып, адамның мінезінің бастапқы онтогенезі мен адам мінезінен көрініс табатын жеке қасиеттері қарастырылып, мінездің нормадан тыс, ерекше байқалатын белгілері *мінез екпінінің/акцентті мінездің* белгілері жеке қасиеттер негізінде көрсетіледі (16-17 бб.);

		негізделген; 4) талдау жоқ.	2. Психологиядағы «мінез» ұғымының туа біткен қасиет ерекшеліктеріне сай қалыптасқанымен, оның дамуында адамның қоршаған ортасының, әлеуметтік тобының ерекшеліктерінің әсері мен басты мінез қасиеттері (*мінездің толықтығы, мінездің тұтастығы, мінездің анықтығы, мінездің күші, мінездің беріктігі, мінездің тепе-теңдігі* немесе *бірқалыптылығы)* сараланып, мінездің сипаттары әр адамға, белгілі бір топқа тән ерекшеліктерінің қалыптасуы да адамның немесе қоғамның қоршаған ортасына, ұлтына, ұстанымдарына, діні мен діліне, адами қасиеттерінің қалыптасуына, ішкі күйіне және эмоцияларына қатысты жүзеге асатыны туралы ғылыми тұжырымдары сыни талдауларға негізделген (24-26 бб.); 3. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды мінездің қалыптасуы, оның сипаттары адамның белгілі бір ұлтқа тән мәдениетімен, дүниетанымдық көзқарасымен, ұлттық ерекшелігімен, қоғамдық сипаты ұлттың этномәдени танымымен байланысы көрсетіліп, қазақ тіліндегі жағымды мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдердің қолданысы (Жағымды мінезді адамның түрлі жағдаяттардағы эмоцияларына, ым-ишара, қылықтары // Адамның өзге адамдарға қарым-қатынасы негізінде байқалатын жағымды мінез көріністері // Адамның бет-әлпетін сипаттау арқылы жағымды мінезді сипаттайтын фразеологизмдер) деп үш топқа жіктеп, адамның жағымды мінезі мен эмоциясын, ұлттық мінез-құлық белгілері қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де *батылдық, ақ көңілділік, шыншылдық, ақылдылық, жомарттық, адалдық, мейірімділік* т.б. барлық жағымды мінезді білдіретін бірліктер ортақ мағынаны бергенімен, олардың лексика-фразеологизмдер арқылы сипатталуындағы ерекшеліктерінің ғылыми түсіндірмелері жасалып, арнайы сызба кестелер арқылы берілген (68-81 бб.); 4. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымсыз мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдерді және олардың түрлерін өзара салыстырып, екі ұлтқа тән ұлттық мінез сипаттары жағымды мінез секілді жағымсыз мінез түрлері де жеке адамның, ұлттың бойына, мәдениетіне телінген ерекшеліктеріне сыни талдаулар жасалып, жағымсыз мінездің қалыптасуы адамның еркінен тыс үдеріс екендігін көрсетуі сыни ойлау нәтижесі деп санаймыз (82-96 бб.); 5. Автор зерттеу жұмысында зоонимдік атауды қолдану ұлттың тарихы мен рухани өміріне, діни мәдениетіне назарға алынған екі тілдегі

			фразеологизмдерді қатар қарастыру, салғастыру алуан түрлі мәдениеттегі адам мінезінің ерекшеліктері мен олардың ұқсастықтарын, айырмашылықтарын көрсетуі мен зоонимді компоненттері бар фразеологизмдерді 4 түрлі тақырыптық топтарға (адамның мінезі мен қасиеттерін // адамның эмоциясын, көңіл-күйін // адамның өзгелермен қарым-қатынасындағы мінезі // адамның психикалық күйін) топтастырып жүргізген талдаулары жаңашыл шешімге негізделген деп санаймыз (96-116 бб.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі.	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертанттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен ережелері қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатының жағымды/жағымсыз мінез болмысы, адами мінездің зоонимдік қасиеттерімен сәйкестігі теориялық және практикалық тұрғыдан мазмұнын толықтырады. Автордың қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық бірліктер арқылы этностың ұлттық-мәдени мінезін көрсетуге қатысты зерттеу жұмысы лингвомәдениеттанымдық бағытта кешенді түрде орындалып отырғандықтан, **толығымен жаңа** болып саналады. Осы ойымызды нақтылай түссек: 1. Адамның белгілі бір өмірлік жағдаяттарына, тұрмысына, қарым-қатынастарына, эмоциясы мен ішкі психикалық күйіне т.б. байланысты адами қасиеттері мен мінез-құлық белгілері жағымды/жағымсыз сипаттары өзгеріске ұшырап отыруына қатысты ғылыми тұжырдары жаңа (38-39 бб.); 2. Ұлттық таным мен мінездің белгілі бір деңгейде этносаралық, мәдениетаралық коммуникацияға әсер етіп, дара эмоционалды дейксис немесе екінші адамның ұлттық-этникалық тенденциясы туралы таным негізінде ұлттар мен халықтар арасында қарым-қатынас формасының қалыптасатындығы туралы дәйектеулері мен талдау жұмыстары жаңа (57 б.); 3. Жағымды/жағымсыз мінез сипаттарын беретін фразеологизмдермен қатар, зоонимдік фразеологизмдер де қазақ-ағылшын тілдерінде екі халықтың ұлттық ерекшеліктеріне сай адам мінезін бейнелейтін категорияларға тезаурустық тізбек құрып, сөздіктік сипаттамасын жасауы жаңа (62-115 бб.); 4. Қазақ-ағылшын халықтарының мінезіндегі құндылық ерекшеліктері адамның немесе ұлттың мінез-құлқының ерекшелігін, сипатын, түрлі құндылықтарға сай адам бойындағы қасиеттер мен мінез сипаттарының пайда болуына, тұрақты мінез-құлық белгілерінің орнығуы немесе өзгергіштігіне,

			бір адамның өзге адамнан немесе бір ұлттың екіншісінен ұлттық мінез айшықтарымен ерекшеленуіне қатысты 3 деңгейлі жіктемесінің нәтижелері жаңа саналады (119 б.); 5. Қазақ-ағылшын этносына тән мінез түрлерінің гендерлік ерекшеліктері аталмыш ұлттардың ұлттық құндылықтары мен ұлттық стереотиптер, дәстүр мен әдеттер, салттар, олардың әлеуметтік дәрежесі т.б. арқылы көрінетіндігіне қатысты ғылыми тұжырымдары жаңа (131-143 бб.). Сонымен докторанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары **толығымен жаңа**, маңызды, лингвомәдениеттану мен психолингвистика саласындағы мәселелерді шешуге өзіндік ықпал етеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары **толығымен жаңа**. Ондағы қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: Біріншіден, қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатына қатысты ғылыми тұжырымдары мен практикалық талдау үлгілері мен өзара салғастырмалы тілдік талдаулары жаңа; Екіншіден, қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің екі этностың мәдениеті мен менталитетіндегі ерекшеліктеріне қатысты мәденикоммуникациялық байламдары мен лингвомәдени талдау үлгілері, ұсынылған ғылыми қағидаттары жаңа; Үшіншіден, мінез түрлерінің гендерлік ерекшелігі ер мен әйел адамның әлеуметтік дәрежесі мен әр ұлт дүниетанымындағы рөліне байланысты қалыптасқан ерекшеліктеріндегі қоғам мен ұлт ұстанымы тарапынан телінген нақты стереотиптерге байланысты мәдениаралық талдауларының нәтижесі жаңа (131-143 бб.); Төртіншіден, мәдениетаралық қатысымдағы адам мінезінің дискурстық сипатын тек көркем дискурс емес, өзге дискурс түрлерінен де жиі кездесетіндігі қатысты ғылыми тұжырымдары мен тілдік талдауларын жаңашыл қадам деп санаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық зерттеудің мақсатына жету үшін қолданған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Докторанттың қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатына негізделген

		1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	ғылыми теориялық және тілдік материалдары техникалық және технологиялық тұрғыдан жабдықталған, заманауи зерттеу технологияларына негізделген зерттеу нәтижелері жаңа. Докторанттың мәдениетаралық қатысымдағы мінездің дискурстық сипатын дискурс формаларының ауызша, жазбаша немесе монолог, диалогтық формаларынан жиі көрініс табатын *тұрмыстық дискурс, публицистикалық дискурс, дипломатиялық дискурс, көркем дискурс* секілді түрлерін (144-145 бб.) анықтап, олардың қолданыс ерекшелігіне қатысты ғылыми практикалық талдаулары лингвокоммуникация ғылымының категорияларын сипаттауға қосқан зерттеу материалдарын **толығымен жаңа** деп санауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі.	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research (куолотатив ресеч) және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған барлық негізгі пайымдаулары, ғылыми тұжырымдары, зерттеу қорытындылары ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындылары қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетудегі теориялық тұжырымдары ғылыми бағытына сай әдебиеттердің талдануы **негізінде** жасалған. Сонымен қатар докторанттың жасаған тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми коннцептуалдық тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан, яғни салғастырмалы тіл білімі, стилистика, мәдениеттану секілді ғылым салаларын өзара үйлесімді ұштастыру арқылы, диссертацияның түпкі мақсатын анықтайтын қорытындылары қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық болмысын тануға **негізделген.**
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер.	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **<u>дәлелденді</u>;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **<u>жоқ.</u>**	1. Қорғауға ұсынылған қағидаттары дәлелденген. Себебі докторант ғылыми теориялық және практикалық мәселелерді нақты дереккөздерден алған, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдалана білген; 2. Докторанттың қорғауға ұсынған қағидатты тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысы бірнеше ғылымдар тоғысындағы жаңаша зерттеу бағыты негізінде таңдалған. 3. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық бірліктер негізінде көрсетуде лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, мәдениқоммуникация, ұлттық мінез, жағымды/жағымсыз мінез сипаттары, ұлттық таным секілді этнос болмысын көрсетудегі ізденістері жаңа. 4. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің

		7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең;** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	фразеологиялық сипатын көрсетуге бағытталған зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі лингвомәдениеттаным саласы қоғамның барлық құбылыстарын қамтитын, тілдің үлкен бір құрамдас бөлігі саналады. 5. Зерттеу тақырыбына қатысты жарияланған 13 ғылыми мақалада ұсынылған қағидаттары мамандар пікірлері мен тілдік деректері негізінде дәлелденген, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау жұмысы сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың мазмұнында нақты сипатталған. Тақырыпқа қатысты басшылыққа алынған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде тиімді қолданылған. Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген сипаттамалық, аналитикалық, семантикалық талдау, тілдік-мәдени талдау және салғастырмалы талдау әдістерін кеңінен ұтымды қолдана білген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: 10 сызба, 18 кестеден тұратын арнайы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы сызбалар мен кестелер жасалған.

		интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ.	Докторант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен **толық дәлелденген және расталған**: - қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын кешенді түрде зерттеу жолдары қарастырылып, зерттеудің көптеген алғышарттары жасалып, қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» болмысының қалыптасу жолдары мен этнопсихологиялық ерекшеліктері көрсетілген; - қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетуде екі халықтың мәдениетін, тұрмысын, дүниетанымын, гендерлік болмысын, өмірлік ұстанымдары тілдік талдаулар арқылы көрсетілген; - қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетуге қатысты материалдар жинақталып, ғылыми теориялық және практикалық талдаулар жасалып, әралуан эксперименттік зерттеу үлгілері берілген; - қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын зерттеу барысында көпсалалы ғылыми бағыттардың категориялары концептілер жүйесінің семантикалық мазмұны мен мен мәденисемантикасын айқындаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста көптеген осы зерттеуге дейін аралықта жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, дәлелді сілтемелер жасалған және де қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетуге бағытталған зерттеу материалдары сенімді сілтемелермен **расталған**.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны **жеткілікті**. Ондағы нақты сілтемелер арқылы дәйектелген ғылыми әдебиеттер саны – 187. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген. Пайдаланылған әдебиеттер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу

			талаптарына сәйкес сілтемелер жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар тіл біліміндегі салғастырмалы лингвистика саласындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ салааралық лингвокоммуникация, лингвомәдениеттану ілімдерінің теориялық негіздемелерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеу жұмысындағы қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатына қатысты зерттеулері салғастырмалы фразеология ғылымының дамуына негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулары «Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиясы», «Салғастырмалы лингвистика», «Мәдениетаралық риторика», «Практикалық стилистика», «Лингвомәдениеттану» салаларының теориясына және аударма саласында, әсіресе көркем мәтіндер мен ұлттық таңбаланған лексика-фразеологизмдерді аударуда қолданбалы сипаты жағынан өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мәдениетаралық қатысым, дипломатия, халықаралық білім беру және бизнес саласындағы мамандар қолдана алады, мұнда басқа мәдениеттердегі сұхбаттасушылардың мінез-құлқын, менталитетін және құндылық белгілерін түсінуге мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Докторанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетуде тұрақты өрнектер базасы мен семантикалық талдау негізінде электрондық корпустарды құру, фразеология мен ұлттық ерекшеліктерді оқытуға арналған онлайн-ресурстарды әзірлеу, мәтінді аудару мен талдаудың нейрондық желілік модельдеріне материалдарды енгізуге (мысалы, жасанды интеллект және сөйлеу актілерін талдау саласында) қатысты ғылыми тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары **толығымен жаңа** болып саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы.	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың зерттеу жұмысындағы академиялық жазу сапасы жоғары. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық сипаты толық сақталған. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстары қазақ-ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің фразеологиялық сипатын көрсетуге негізделген. Сонымен аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу сапасының

			жоғары екендігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер.		Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер: 1. Диссертациялық зерттеу барысында қазақ-ағылшын тілдеріндегі жағымды/жағымсыз, зоонимдік фразеологизмдердің сәйкестігі, қолданыс аясы мен мағыналық жақындығына қатысты кестелердегі материалдары лұғаттық бірыңғай тезаурустық тізбектегі мағыналық сипаттамалармен ғана шектелмей, қосымша бағанда мәдени семантикалық тұрғыдан кеңірек салыстырып талдап, тарқатып беру қажеттігі байқалады. 2. Зерттеу жұмысы «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипатына негізделгендіктен қазақ-ағылшын халықтарындағы мінез болмысының ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен қатар, психолингвистикалық аспектілеріне басымдық берсе, жұмыс сапасы арта түсер еді деп санаймыз. Алайда бұл ескертпелер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұсқан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда - 6 (алты), отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында – 5 (бес),– халықаралық бейне-баяндама (онлайн-офлайн) ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 2 (екі) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Докторанттың мақалалары зерттеу жұмысының теориялық және практикалық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес).		Халым Ботаның 6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып,

			диссертациялық жұмысының өзектілігі жоғары, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы бар зерттеу жұмысы ретінде бағалай отырып, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:
1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжЖБМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Халым Ботаға 6D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Қазақ тілі теориясы және
оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

19.12.2025 ж.

РАСТАЙМЫН: С.А. Жиренов
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ